

КАЗАХСТАН, НАХОДЯСЬ НА ПЕРЕСЕЧЕНИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНЗИТНЫХ КОРИДОРОВ, ЯВЛЯЕТСЯ КЛЮЧЕВЫМ ТРАНСПОРТНЫМ УЗЛОМ ПРИ ДОСТАВКЕ ТОВАРОВ ИЗ КИТАЯ В ЕВРОПУ. И НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕРЕВОЗЧИК ПРИНИМАЕТ ВСЕ НЕОБХОДИМЫЕ МЕРЫ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ ГОСУДАРСТВА ПО РАЗВИТИЮ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ.



Ерлан КОЙШИБАЕВ,
управляющий директор по логистике АО «НК «ҚТЖ»



№79 (2794)
07/10/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПРОФСОЮЗ: ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ



Вчера в Астане состоялось расширенное заседание Центрального совета ОО «Казпрофтранс», посвященное 30-летию отраслевого профсоюза, с участием представителей Казахстана, России и Кыргызстана.

Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие объединило порядка 200 членов Центрального совета, первичных организаций и локальных профсоюзов Казпрофтранса, Федерации профсоюзов РК, а также Международной конфедерации профсоюзов, Роспрофжела, Профсоюза железнодорожников и транспортных строителей Кыргызстана.

От АО «НК «ҚТЖ» в заседании приняли участие заместитель председателя правления Канат Альмагамбетов, руководитель аппарата Серик Кеулимаев, глава Дирекции магистральной сети Сакен Рахметов, председатель Центрального совета ветеранов-железнодорожников Болатбек Дуйсемалиев и ветераны труда.

Главной темой повестки дня стали итоги проведенных мероприятий, посвященных 30-летию профсоюза.

Открывая заседание, председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев сообщил, что решением исполкома 2022 год объявлен юбилейным, в связи с чем был разработан соответствующий план мероприятий. Профкомы, локальные профсоюзы, филиалы и представители Центрального совета ведут системную работу по их проведению. Он подробно поделился историей становления и развития отраслевого профсоюза, а также достигнутыми результатами.

Все вопросы социальной поддержки работников АО «НК «ҚТЖ», согласно действующему Коллективному договору, решаются совместно с профсоюзом, подчеркнул спикер. Только в 2021 году расходы на эти цели составили 11,6 миллиарда тенге. На 2022 год заложено и осваивается 15,8 миллиарда.

– На улучшение санитарно-бытовых условий работников до конца 2025 года планируется направить свыше

31 миллиарда тенге, – сообщил Оразгали Тулепбекович.

Он также отметил вклад и приобретенный опыт работы профсоюзного актива в период пандемии, в чрезвычайных ситуациях при взрыве боеприпасов на станции Арысь в 2019 году, пожарах в Костанайской области в сентябре 2022 года.

Принформировал председатель ОО «Казпрофтранс» и об организации физкультурно-оздоровительной работы среди железнодорожников, создании благоприятных условий отдыха работников и их детей, а также международной деятельности.

Поздравив отраслевой профсоюз с юбилеем, заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов в своем выступлении отметил, какие бы преобразования ни происходили в компании, руководство всегда старалось, чтобы в новой дочерней организации создавалась профсоюзная ячейка для защиты

прав и возможностей работников.

– От вашей работы зависит социальная обстановка в коллективах, – сказал он. – Что касается в целом показателей работы за девять месяцев, грузооборот составляет 105% к прошлому году. Цифры положительные. В то же время АО «НК «ҚТЖ» реализуются новые инфраструктурные проекты. Все это говорит о востребованности и качестве нашей с вами работы.

С докладами и приветственными словами также выступили первый заместитель председателя ФПРК Мухтар Тиникеев, от имени председателей национальных профсоюзов железнодорожников стран СНГ и Балтии, а также Грузии – председатель Кыргызпрофсоюза Роберт Мазитов, заместитель председателя Роспрофжела Алексей Налетов, вручивший Оразгали Ахметбаеву благодарственное письмо, ветераны труда, Почетные железнодорожники Амангельды Байжуманов и Калтай Самбетов и другие.

В завершение расширенного заседания Центрального совета состоялась церемония награждения юбилейным знаком «30 жыл бірлікте», учрежденным в честь 30-летия Казпрофтранса, активистов профсоюзного движения и руководство АО «НК «ҚТЖ».

Фото Александра ЖАБЧУКА

КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛҒА КЕДЕРГІ НЕ?



Сыртқы істер министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қытайдағы Қазақстан елшілігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Атамекен» ҰКП және отандық бизнес саласы өкілдерінің қатысуымен Қытайдан және Қытай арқылы контейнерлік жүктерді тасымалдау мәселесіне қатысты zoom-платформасында онлайн-жиын өтті.



Жиынның мақсаты Қытай тарапында үш-төрт ай тұрып қалған Қазақстанға бағытталған контейнерлік жүк онғандарын өткізу мәселесін және оны оңтайлы шешудің жолдарын бірлесіп қарастыру болды. Жиынға қатысқан отандық кәсіпкерлердің бірі жүк тиелген контейнерлері Қытайда маусым айынан бері тұрғанын айтып шағымдана, екіншілері тауарлардың жарамдылық мерзімі өтіп жатқанын немесе қажетті дүниелердің уақытылы келмеуінен өндіріс процесі тоқтап тұрғанын және бұл жұмысшыларға жалақы төлеуге кедергі келтіріп, еңбек дауы туындауына себепші болып отырғанын айтады. Бұл мәселеге қатысты «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өкілі Нұржан Келбұғанов импорттық жүктерді өткізу жоспары Қытай тарапымен келісілгенін және сол жоспар шеңберінде күніне 14 пойыз Алматы станциясы арқылы және Достық станциясы арқылы да Қытайдан контейнерлік жүк пойыздары қабылданып жатқанын атап өтті. Яғни, Қазақстан тарапынан жүк пойыздарын қабылдауда ешқандай кедергі жоқ, шекаралық екі станцияның инфрақұрылымы барлық пойыздарды өткізуге қабілетті екенін жеткізді.

– Қытай аумағында пойыздар қалай құрастырылып жатқанынан, қанша вагон және қайда тұрғанынан хабарымыз жоқ. Біздің ақпараттық жүйеміз біріздендірілмеген. Ертеректе пойыздарды тізім бойынша жөнелтіп-қабылдау механизмі болды, біз оған қатыстық және ол тиімді болатын. Яғни, Қытай тарапы Сыртқы істер министрлігі арқылы тізімді алғандарын мақұлдады, тізім арқылы пойызды жөнелту басымдыққа ие екенін де айтты, бірақ екі-үш тізімнен соң қытай тарапы тізім бойынша жөнелтуде сыбайлас жемқорлық элементтері байқалғанын айтып, әрі қарай тізіммен пойыздарды құрастырудан бас тартты, – деді Нұржан Келбұғанов.

Жиында Қытай тарапының бірінші кезекте, өз елінің мүддесін алға қойып, экспорттық тасымалға басымдық беретіні, содан кейін барып қана Кореядан, Жапониядан келетін транзиттік пойыздарды өткізетіні де сөз болмай қалмады. Бұған қатысты KTZ Express өкілі Мерхан Жұмабеков те пікір білдірді.

«Отандық кәсіпкерлер әртүрлі логистерге тапсырыс беріп, нәтижесінде олардың жауапсыздығынан жағдай осылай ушығып отыр. Бұл мәселені шешудің тиімді жолы ретінде ұсынысым: тауарлары Қытайда ұзақ тұрып қалған отандық бизнес өкілдері өз контейнерлеріне қатысты тізім жасақтап, оны ИИДМ-не ұсыну керек. Бұл құзырлы орган әрі қарай мәселені Үкіметке жеткізу керек. Яғни, бұл мәселе Қазақстан мен Қытайдың үкіметтері деңгейінде ғана шешіледі, – деді.

Жиын соңында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы отандық бизнес өкілдерінің арыз-шағымдарын және контейнерлер тізімін жасап, тиісті құзырлы органдарға шығып, мәселені үкіметтік деңгейге шығаруға уағдаласты. Ал ҚТЖ контейнерлік жүктерді қабылдап алып, діндеген жеріне жеткізуге мүдделі екендерін жеткізді.

Сұлугұл БАКЕСОВА

Инвестиция

ІРО бойынша ақпарат берді

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Мәжіліс залында экономиканы мемлекет иелігінен алу бойынша Президент тапсырмасын жүзеге асыру аясында «ІРО туралы ақпараттық-түсіндіру» тақырыбында кездесу өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жиынға «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және KASE, АІХ сыйды қор биржалары мен брокерлік-дилерлік ұйымдар өкілдері қатысып, ҚТЖ қызметкерлеріне «2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес қаржылық сауаттылық пен инвестициялық мәдениетті арттыру бағытында ақпараттар берді.

– Бүгін Қазақстанның өңірлерін қамтып, 7 қазанға дейін осындай ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз. Бәріңізге сонау 1990 жылдардағы жекешелендіру бағдарламасы туралы мәлім. Ол кездегі жекешелендіру мақсаты – іс жүзінде жұмысын тоқтатқан көптеген кәсіпорындардың өндірісін қалпына келтіру болды. Қазіргі жекешелендіру барынша ашықтығы, айқындығымен және ел экономикасының нарыққа бейімделуімен ерекшеленеді. Жекешелендірудің бірнеше тәсілі бар, олар – ашық кезеңдік конкурс, аукциондық



конкурс, электрондық конкурс, тікелей атаулы сату және ІРО болып табылады, – деді «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Дамир Мамытов.

Кездесуге қатысқан теміржол қызметкерлері жиыннан қазіргі уақытта мән-маңызы зор мәліметтер алғанын атап өтті.

– Бүгін өте қызықты кездесу болды. «Самұрық-Қазына» өкілдері халыққа өте ұғынықты тілде ІРО туралы айтып берді. Осы бір жаңа қаржы құралы арқылы ақпарат берет отырып, теміржол саласы қызметкерлерінің қаржылық сауаттылығын арттырды. Жалпы ІРО – тұрақты даму деген мағынамен астарласып жатыр. Біздің компания да өзге ірі ұйымдар

секілді осы даму жолына қадам басуда үлкен мақсаттарды көздейді. Бұған біз біртіндеп қадам басатын боламыз, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева.

– Мұндай жиындар өте пайдалы деп санаймын. Жалпы бұқара халықтың қазба байлығымызды ортақ пайдалануына мүмкіндік береді. Әріптестерге көп рахмет, өте түсінікті тілде ІРО саласының қыр-сырын айтып берді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Көпсалалы қызмет көрсету орталығының бас менеджері Жүніс Байтенов.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК



Талғат ҚАНАТБАЕВ,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің бас менеджері:



СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ АРТУЫНАН ПАРКТЕ ВАГОН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ТУЫНДАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ВАГОН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ АРНАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЖЕТ. ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМҒА ҚАЖЕТТІЛІК 2027 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 24 МЫҢҒА ЖҮЗІК ВАГОНДЫ ҚҰРАЙДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОН ПАРКИ

73

«ТАЛҒО» ВАГОНЫМЕН ЖАҢАРТЫЛЫП ОТЫР.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҚТЖ» ҰК» АҚ «ШЕБЕРЛЕР ҚАЗЫНАСЫ» ӨНДІРІСТІК ОҚУДЫҢ ЕКІНШІ ЛЕГІНЕ

100

ШЕБЕР МЕН НҰСҚАУШЫ ҚАТЫСЫП, КӘСІБИ ЖӘНЕ ЖЕКЕ-ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРДІ.

СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДА ЛОКОМОТИВ ПАРКІН ЖАҢАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

500

АСТАМ ЗАМАНАУИ ЖҮК ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ЛОКОМОТИВІ САТЫП АЛЫНДЫ.

34 МЫҢ АДАМ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Ардақ САТТАРҚЫЗЫ,
Ақтөбе



Елімізде жыл басынан бері темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өтіп тәртіп бұзған 34 мыңнан аса азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жылжымалы құрамды шұғыл тежеудің 1618 фактісі тіркелген.



Оның ішінде 308 жағдай теміржолға адамның, ал 1140 жағдай малдың шығуына байланысты тіркелген. Нәтижесінде 1066 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Көліктегі полиция департаментінің мәліметінше, 9 айда еліміз бойынша 72 адамды пойыз қаққан, олардың жартысынан көбі көз жұмған. Соның ішінде 10 факт бойынша балалар зардап шегіп, 8 бұлдіршін қайтыс болды...

Көліктегі полиция департаментінің бастығы Оңал Бекеевтің айтуынша, жазатайым оқиғалардың негізгі себептері – азаматтардың белгіленбеген жерлерде темір жолды кесіп өтуі. Әлі күнге дейін адамдар теміржолдың қаншалықты қауіпті аймақ екендігін, оның зардаптарын жете түсінбейді. Қарапайым ережені сақтауға ерінетіндер көп.

Әсіресе, адамдар көп зардап шегетін аймақтарға мыналар жатады екен: Алматы-1 – 11, Шымкент – 7, Ақтөбе – 6 және Қарағанды – Сұрыптау және Тараз станцияларында 5 факт тіркелген.

Көлік полициясы азаматтарға теміржолда мұқият болу керектігін күнделікті ескертіп, әлеуметтік желілерде түрлі ақпараттар таратып, қорқынышты мәліметтерді де жария етіп жатыр. Бірақ, әлеуметтің салдыр-салақтығы мен бейғамдығы қайғылы оқиғалар қатарын азайтар емес.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПТІ БЕТІН ҚАЙТАРДЫ

Нұршаһ АЛЫМҚЫЗЫ,
Маңғыстау



Маңғыстаулық екі бірдей вагон қараушы жақында вагонның бүйірлік рамасындағы ақауды анықтап, қозғалыс қауіпсіздігіне төнген қауіптің алдын алды. Екі ақау да қазақстандық жүк вагондарынан табылды.

Вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктіндегі вагон қараушы-жөндеушілері Маңғыстау станциясына келіп тоқтаған жүк пойызын тексеру кезінде анықтаған ақаулар вагон шаруашылығының «бас ауруына» айналған бүйірлік рамадан күндізгі ауысымда анықталып отыр. Маңғыстау станциясындағы ТҚКП вагон қараушысы Жасұлан Елеусіновтің назарына іліккен ақау №3 жолға келіп тоқтаған №3605 жүк пойызының №70509039 вагонында кездесті. 2019 жылдың қараша айында деполық жөндеуден өткен екен. Екіншісін №6 жолда №3603 жүк пойызына техникалық қызмет көрсету кезінде аға вагон қараушы-жөндеуші Назархан Сариев №29024635 вагоннан тапты. Былтыр ғана деполық жөндеуден өткен вагонда осындай күрделі ақаудың анықталуы – сын көтермейтін жағдай.

– Бізде 2002 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан, жалпы 40 жылдық еңбек өтілі бар Назархан Сариев бүйірлік рамадан терендігі 9 мм, диаметрі 3 мм болатын жарықты анықтады. Ал Жасұлан Елеусінов 16 жылдан бері еңбек етеді. Оның анықтағаны – бүйірлік рамадан терендігі 2,5 мм болатын саңылау ақауы. Екі «ауру» вагон да әрине дереу құрамнан ағытылып, жөндеуге жіберілді, – дейді бұл туралы Маңғыстау станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктіндегі вагон паркінің сақталуы жөніндегі маманы Амандық Көшкімбаев.

Өз жұмысына ұқыптылықпен қарап, қырағылық тынытқан вагон қараушыға мекеме басшылығы алғыс айтып, марапатқа ұсыну жөнінде ұсыныс берген.

Суретті түсірген автор

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМНЫҢ БЕДЕЛІ АРТА ТҮСКЕН



Елордадағы «Radisson» қонақ үйінің мәжіліс залында «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесі атқарушы комитетінің кеңейтілген отырысы өтті. Салалық кәсіподақтың мерейтойына арналған жиында бірлестік басшылары Теміржол кәсіподағының биылғы жылғы жұмысына шолу жасап, қоғамдық ұйымның белсенді мүшелерін марапаттады.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев комитет отырысын ашып, сала кәсіподағының бүгінгі тыныс-тіршілігінен ақпар берді. Төраға Орталық кеңес атқарушы комитетінің «Қостанай облысы Аманқарағай станциясындағы өрт салдарынан зардап шеккен теміржолшыларға материалдық көмек көрсету туралы» қаулысына жеке-дара тоқталды. Ал қаулының орындалу барысы туралы Кәсіподақ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов толық ақпарат берді.

– Бұл қайғылы жағдайдың қалай болғаны бәрімізге мәлім. Зардап шеккендер қатарында 25 теміржолшы отбасы да болды. Соның ішінде 11 отбасының үй-жайы түгел өртеніп кеткен. 13 қыркүйекте біздің Атқарушы комитет отырысы өтіп, онда осы зардап шеккен теміржолшылар отбасына көмек көрсету туралы шешім қабылданды. Осы істе іскерлік пен белсенділік танытқан барлық кәсіподақ қызметкерлеріне зор алғысымызды білдіреміз. Бас-аяғы бір аптаның ішінде қажетті қаражат жиналып, зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша құрылған комиссия жұмысы шеңберінде біз өрт шыққан өңірге



барып, тиісті жәрдемдімізді жасадық, – деді Ж.Сәбитов.

Оның айтуынша, биыл сонымен қатар барлығы 94 теміржолшыға 24 млн теңгеге көрсетілген. Олардың ішінде өрттен зардап шеккендер де, басқа қиындықтарға тап болғандар да бар, әсіресе, қатерлі дертке шалдығуына байланысты ем-домына қаржы сұрайтындар көбейген. Атап өтерлігі, жылдан-жылға қоғамдық ұйымның беделі, соған сай өкілеттілігі де арта түскен.


Қостанай теміржолының кәсіподақ төрағасы Ғафу Несіпбаев та өңірдегі қайғылы оқиға туралы сөз етіп, нақты қандай жұмыстар

жүргізілгенін айтып берді. Ондағы теміржолшылар кәсіподақ тарапынан қолдау-көмекке өте риза болғанын да жеткізді.

Әрине, мерейтой марапатсыз өткен бе?! Өңірлердегі бастауыш ұйымдар төрағалары мен кәсіподақпен ынтымақта жұмыс істеген қызметкерлер, барлығы 31 адам Сала кәсіподағының және ҚР Кәсіподақ Федерациясының арнайы төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, өткен жылдар ішінде Кәсіподаққа мүше 10 адам «Құрметті теміржолшы» төсбелгісіне ие болса, кәсіподақтың ұсынысымен 122 адам «Еңбек ардагері» медалімен марапатталғаны атап өтілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

«МАЙ ШАММЕН» ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕ КӨП БОЛДЫ



Семей ЖТ бөлімшесі бойынша күзгі комиссиялық байқау жұмыстары аяқталды. Қыркүйектің 12-ші жұлдызында басталған тексеру шаралары 30 қыркүйекте қорытындыланды.

Абай ЕРТІС,
Семей

Биылғы бақылау жұмыстары біршама ұзаққа созылды. Оған себеп көп, бірқатар телім мұқият сүзгіден өткізіліп, жіті тексерілді. Қысқы мезгілде сыр беруі мүмкін участоктарда шаруашылық ревизорлары ұзағырақ аялдап, жан-жақты жұмыс жүргізді. Мәселен, биылғы жазда бірнеше мәрте ақаулық орын алған Защита – Күмістау телімдері мен жыл басынан бері транзиттік пойыз ағыны күрт артқан Семей-Локоть бағытындағы «солтүстік тармаққа» бақылаушылар «май шаммен» қараған мәселелер қатары өте көп болды.

Ең алдымен қызметтік вагонмен Ақтоғай–Аягөз бағытына сүзіп шыққан ревизорлар, өндірістік-техникалық бөлім қызметкерлері, бөлімдер басшылары



аймақтағы жазғы жұмыстарды қорытындылап, қысқа даярлық барысын таразылады. Содан кейінгі кезекте Жарма–Шар, Шар–Жаңа-Семей телімдерінде де айрықша назар аударуды қажет ететін бірнеше мәселе болды. Бұл аймақтарда жазғы мезгілде бірқатар толаскездер өткізіліп,

жол табаны жаңарған болатын. Ал, елдің қиыр шығысындағы Алтай учаскесі мен Локоть-Шемонайха, Өскемен-1–Риддер телімдері ең соңғы кезекте мұқият тексерілді.

Байқау барысын талқылаған тораптық жиындар Аягөз, Шар, Шемонайха станцияларында өтіп,

атқарылған жұмыс жан-жақты сараланды.

– Негізінен шағын станциялар мен жол айрықтарына баса мән берілді. ЦЗ-1 Қанат Әлмеғамбетовтің №00029 А телеграфтық нұсқауын басшылыққа ала отырып теміржол саласына қатысты барлық мәселе назардан тыс қалмады, – дейді бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің мамандары.

Күзгі тексеру анықтағандай, қазіргі күндері барлық станциялар мен теміржол мекемелері қысқа даярлық жасаудың соңғы сатысына көшуде. Ғимараттар, желі бойындағы жекелеген нысандар, модульдер мен байланыс құрылғыларының қатал маусымға әзірлігі аяқталуға жақын. Барлық мекемелер дерлік көмірмен қамтылған, өрт қауіпін тексерілді. Енді бөлімшеде 7 қазанда өтетін күзгі комиссиялық бақылаудың қорытынды жиынында жалпы ахуал кең көлемде сарапталып, талқыланады. Онда бөлімше ревизорлары мен өндірістік-техникалық бөлімнің мамандары арнайы баяндама жасап, нақты шешім қабылданатын болады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ АЙРЫҚТАРЫНА ДА АЯЛ ЖАСАУДА

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде күзгі комиссиялық байқау жұмыстары жалғасып жатыр. Қыркүйек айының 27-нен басталған шараның алғашқы аптасында комиссия мүшелері Атырау – Қызылжар – Исатай, Исатай – Ганюшкино, Ганюшкино – Д.Нұрпейісова телімдерін аралады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Комиссия қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және техникалық құралдар мен ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр жабдықтарының, локомотивтер мен вагондардың жағдайы, темір жолдың, жалпы инфрақұрылымның қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білімі мен біліктілігі, әлеуметтік жағдайлары, т.б. мәселелерді жан-жақты мұқият тексерді. Комиссия құрамындағы ревизорлық топ, Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшесінің құрылымдық бөлімдерінің мамандары жұмыстарын Қызылжар бекетінен бастап, ақырғы Д.Нұрпейісова станциясына дейінгі барлық станция-бекеттердегі тексеру барысында шаблон арқылы жол параметрлерінің талапқа сәйкестілігі, нормативтік, техникалық құжаттамалардың дұрыс толықтырылуы, вагон шаруашылығы, байланыс және электр жабдықтарының, бағыттамалы бұрмалардың жарамдылығы, станциялардың техникалық жағдайы, магистральдық инфрақұрылым мен жасанды құрылғылардың жағдайы, су мен жылу нысандары, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері, орталықтың бұйрықтары мен басқа да нұсқаулықтарын орындау тәртібі, т.б. мәселелерді назардан тыс қалдырмады.



– Былтырғы күзгі тексеріс кезінде станцияларда анықталған кемшіліктерді биыл қайта қарап жатырмыз. Негізінен алғанда, темір жол торабында болған келеңсіз жағдайлар тіркеліп, үнемі ескеріліп отыруы қажет, станция қызметкерлері тарапынан нұсқаулықтар жүргізуде кемшіліктер болады, кейбірінде радиобайланыс жеткіліксіз болып қалады, жолдардың сапасын, бағыттамалы бұрмалардың жұмысын да қарадық. Станцияларда кезекшілер жаңа нұсқаулықпен жұмыс жасауға біртіндеп көшуде, білім жетілдіру, жүк қабылдау-жөнелту бойынша, байланыс, электрмен қамту бойынша да ескертпелер

бар. Әрине, мұндағы мақсат – кемшілік табу емес, оны түзету және болдырмаудың шарасын жасау. Ең бастысы – қозғалыс қауіпсіздігін сақтау. Сондықтан да барлық жағдай бойынша сын-ескертпелер беріліп, жергілікті жерде талқыланды, – дейді аймақтық бас ревизор Жәнібек Көбеев.

Комиссия мүшелері Атырау – Д.Нұрпейісова телімі аралығындағы Аққыстау, Исатай, Сазанқұрақ, Ганюшкино, Д.Нұрпейісова сынды станциялардан бөлек барлық шағын развездерге де, жол айрықтарына дейін аял жасап, жұмыстарын жалғастыруда.

Суреттерді түсірген автор



ДЛЯ НАДЕЖНОСТИ ПУТИ



КАПРЕМОТ

Капитальный ремонт пути на участках Актогайской и Достыкской дистанций пути идет по графику. В общем, запланировано обновить 33,175 километра.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы, Алматинская область

В этом году капитальный ремонт пути проходит на участках Актогайской и Достыкской дистанций пути в объеме 33,175 километра. Практически все работы уже закончены, остался только участок Актогай – Восточный – Предузловая. Здесь железнодорожники ведут работы по смене стрелочных переводов на железобетонном

основании, противоаварийные работы, шлифовке рельсовых концов, приварке рельсовых соединителей, укладке рельсошпальной решетки. Комплексные работы проводятся с помощью австрийских путевых машин Duomat и других. Так, специальной техникой Unimat и ВПРС выправлено 210 стрелочных переводов, машиной РШП «Атлас» отшлифовано 676 километров, сварено 1 356 стыков. На сегодняшний день

по НЖС-7 с нарастающим удлинено 362 пары до 24 перегонов общей протяженностью 344,4 километра.

Эффективно используются технологию механизации и автоматизации ручного труда с применением путевых машин тяжелого типа, укладки новых плетей и проведения капитального ремонта пути на транзитном ходу, планируется повышение скорости движения, что в результате положительно

повлияет на суточную скорость движения контейнерных поездов. Все работы проводятся с обеспечением технологических «окон».

Как отмечает начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети, Руслан Нурболат, все работы проходят строго с соблюдением личной безопасности, ведь ограниченная рабочая зона, большая протяженность фронта работ создают повышенную опасность.

– Все необходимые профилактические меры направлены на оздоровление и повышение надежности пути, а также эффективность перевозок, что позволит увеличить скорость поездов на некоторых участках, а также качественно подготовиться к работе в зимний период, – говорит Руслан Нурболат.

Фото автора

Осенний осмотр

ДО МОРОЗОВ И БОЛЬШОГО СНЕГА

В Акмолинском регионе завершился осенний комиссионный осмотр. По итогам проверки степень готовности хозяйств, объектов инфраструктуры и кадров к работе в зимний период составляет 98%.

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау

Итоги проверки подвели на селекционном совещании под председательством директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Акмолинское отделение ГП Эдилхана Дәкенова, директора филиала АО «НК «КТЖ» – Акмолинское отделение магистральной сети Сабита Рамазанова, главного ревизора департамента безопасности движения по Кокшетаускому участку Ануара Кизатов.

Открывая совещание, Эдилхан Дәкенов нацелил руководителей подразделений на решение имеющихся проблем и потребовал исправить обнаруженные нарушения.

– В целях обеспечения стабильной работы в зимний период, обеспечения безопасности движения поездов, охраны труда на рабочих местах с 12 по 27 сентября 2022 года проведен осенний осмотр

хозяйств, расположенных в границах отделения. Всем известно, что климатические условия у нас жесткие, поэтому необходимо рассчитать все до деталей, и в этой связи роль штабной работы предельно важна, – отметил Эдилхан Дәкенов.

На сегодняшний день в регионе создан штаб для осуществления контроля за ходом подготовки хозяйств к работе в зимний период, а также утвержден план мероприятий.

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ В РЕГИОНЕ СОЗДАН ШТАБ ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ КОНТРОЛЯ ЗА ХОДОМ ПОДГОТОВКИ ХОЗЯЙСТВ К РАБОТЕ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД. А ТАКЖЕ УТВЕРЖДЕН ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ.

На сегодня подготовлены 302 здания, 15 котельных, большая часть угля для технических нужд получена, обучены 742 перво-зимника, согласно заключенным договорам, идет поставка



спецодежды и спецобуви.

Приписной парк снегоуборочной и снегоочистительной техники составляет 36 единиц, из них технически готовы 34,

дорожным ходом и автотранспортом.

Также проводятся работы по закупке концевых кранов, валика подвески башмака, соединительных рукавов. Продолжается осмотр локомотивов с переводом узлов и систем на зимний режим, из 164 локомотивов проверено 65 единиц.

По итогам комиссионного осмотра отмечены за хорошую подготовку отдельные руководители предприятий, а также работники среднего звена, разработаны корректирующие мероприятия по устранению выявленных недостатков и отступлений.

Фото автора

ЗИМА БЛИЗКО

Работники пожарного поезда станции Павлодар готовы встречать самый холодный период года. Ремонтные работы позади, личный состав зимней спецодеждой укомплектован.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Сегодня сохраняется пожароопасный период, но тем не менее пожарные готовятся к встрече зимы. Для обеспечения

безотказной работы пожарных поездов и пожарной техники в морозный период реализуется большой комплекс мероприятий. В первую очередь это ремонт и ревизия теплотрасс и техническое обслуживание пожарной автотехники и агрегатов.

– Сегодня компанией АО «НК «КТЖ» были приобретены и поставлены на боевой расчет переносные мотопомпы, аварийная световая башня, предназначенная для аварийного освещения территории в случаях природных, техногенных катастроф и проведения аварийно-восстановительных работ, – рассказал начальник пожарного поезда станции Павлодар Архат Аймухаметов. – За последние два года ЧС в зимний период не было, тем не менее мы всегда должны быть готовы к непредвиденным ситуациям.

Работники пожарного поезда полностью обеспечены зимней спецодеждой и спецобувью.

СТОПРОЦЕНТНОЕ ЗАВЕРШЕНИЕ

В Семейском отделении грузовых перевозок завершился осенний комиссионный осмотр, который традиционно проходит у железнодорожников в преддверии холодов для проверки готовности хозяйств к работе в зимний период.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Осмотр завершился 30 сентября на станции Оскемен-1 Защитинского узла. Здесь ОКО проводили уже после Семейского региона, с 26 сентября с

участка Локоть – Шемонаиха. 27 сентября он прошел на участке Шемонаиха – Оскемен-1, 28 сентября – Алтай – Новоустькаменогорск – Оскемен-1. 29 сентября – на участке Оскемен-1 – Риддер – Усть-Каменогорск. В Семейском регионе осенний комиссионный

осмотр начался с 12 сентября на участке Актогай – Аягоз.

К осмотру железнодорожники начали подготовку в летнее время. 25 августа 2022 года по приказу директора Семейского отделения грузовых перевозок Владимира Бабиченко была создана комиссия, в которую вошли руководители и специалисты предприятий железной дороги, ревизоры, представители ООО «Казпрофтранс».

Как отметили в Семейском отделении грузовых перевозок, осмотр показал, что в целом они к зиме готовы, а для устранения замечаний еще есть время.

СЕЗОН УДАЛСЯ

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана



СЕРВИС

Свыше 240 тысяч пассажиров перевезли железнодорожным транспортом до озера Алаколь.

Совещание прошло под председательством заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ» Каната Альмагамбетова. В мероприятии участвовали представители МИИР РК, акиматов Алматинской, Жетысуской, Абайской и Восточно-Казахстанской областей, НПП «Атамекен», частные перевозчики и туристические компании.

За три летних месяца в направлении озера Алаколь перевезли 243 тысячи пассажиров, что на 33,5% больше, чем прошлым летом. Чтобы удовлетворить спрос, было предложено свыше 260 тысяч мест, что на 8% выше в сравнении с прошлым годом.

Курсировало 11 пассажирских поездов, из них девять – АО «Пассажирские перевозки», два – частных перевозчика. Три состава отправлялись из Астаны, пять – из Алматы, а также два – из Восточно-Казахстанской и Абайской областей, пригородный поезд – из Актогай – Достык.

В своем выступлении Канат Альмагамбетов отметил, что для обеспечения комфортабельной поездки пассажиров впервые в этом году национальным перевозчиком при поддержке МИИР РК по двум маршрутам были задействованы пассажирские составы, сформированные вагонами «Тальго».

При этом, по словам спикеров, в разгар туристического сезона максимальный поток пассажиров наблюдался на вокзалах станций Жаланашколь, Коктума, Акши и Бесколь.

Также отмечено, что для удобства пассажиров национальным перевозчиком отремонтированы здания вокзалов и пассажирские платформы, установлены перила, поручни, навесы, проведено освещение. Кроме того, для удобства маломобильных граждан в здании вокзалов установлены пандусы, специальные места в зале ожидания, приобретены инвалидные коляски.

В следующем году планируется сохранить перечень действующих маршрутов. При повышении спроса у населения совместно с уполномоченным органом будет прорабатываться вопрос по организации дополнительных поездов по маршруту Астана – Достык (вагонами «Тальго»), а также по маршруту Кызылорда – Достык (стандартными вагонами).

В НОВЫХ РЕАЛИЯХ

Любовь РОВБА,
Астана



ТРАНЗИТ

С начала 2022 года объемы контейнерных перевозок в транзитных сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» превысили 500 тысяч ДФЭ.

Из-за сложной геополитической ситуации за девять месяцев 2022 года объем железнодорожных перевозок из Китая в Европу и обратно значительно снизился. При этом наблюдается рекордный рост спроса на перевозки Китай – Московский железнодорожный узел транзитом через Казахстан.

– Это позволило компании диверсифицировать портфель предлагаемых услуг, несмотря на общий спад объема транзитных перевозок на направлении Китай – Европа – Китай, – сообщил заместитель директора по перевозкам ОАО «ОТЛК ЕРА» Евгений Андрианов.

Так, в январе – сентябре этого года через сервисы ОТЛК ЕРА проследовало 507,9 ДФЭ. За аналогичный период 2021 года – более 513 тысяч ДФЭ. И все равно это хороший результат. Например, за весь 2020 год компания перевезла 546,9 тысячи ДФЭ.

ДОСТАВКА ПО ПЛАНУ

Алинур КУДАЙБЕРГЕН,
Астана



ПЕРЕВОЗКИ

За три месяца подготовки к отопительному сезону для населения Акмолинской и Северо-Казахстанской областей поставлено свыше 2,7 тысячи вагонов, или более 184 тысяч тонн каменного угля. Этот показатель вырос к аналогичному периоду прошлого года на 10%.

Так, для Акмолинской области доставлено более 103 тысяч тонн, что на 8,6% выше, чем в прошлом году. На 10,9% выросло поступление угля для потребителей Северо-Казахстанской области, до 1,2 тысячи вагонов, или свыше 80 тысяч тонн.

Наибольший спрос в регионе наблюдается на шубаркольский уголь. Благодаря слаженной работе управления ЖКХ Акмолинской и Северо-Казахстанской областей и при содействии МИИР в сентябре 2022 года выросла погрузка угля из разрезов Шубарколь и Каражыра. На данный момент на тупиках имеется достаточное количество угля, ажиотажа и очередей нет.

Напомним, за январь – август 2022 года в стране добыто 73,7 миллиона тонн угля, что на 6,2% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы мен еңбек ұжымы Техникалық даму департаментінің директоры **Мурзагулов Маратбек Молдағазыұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№79 (2794) 07/10/2022

КРЕАТИВНОСТЬ В ТRENDE

Председателя профсоюзного комитета Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо Ерлана Муканова называют молодым креативным и неординарным лидером, готовым учиться и развиваться дальше во благо коллектива, который ценит его именно за эти качества.



За плечами молодого человека – 17-летний стаж работы на железной дороге. Он единственный в семье железнодорожник. Отец Ерлана – деятель культуры, а мама – медик.

– Когда-то мой дядя трудился на железной дороге. Ежедневно он делился своими впечатлениями, и его профессия со временем заинтересовала меня. В 2005 году сразу после окончания школы отучился на помощника машиниста, затем на машиниста в дорожно-технической школе, – вспоминает Ерлан.

После этого свои навыки я отработывал в скоростном пассажирском движении. Там проработал около четырех лет, затем меня пригласили в отделение дороги в сектор по оперативной работе при АО «Локомотив» на должность ревизора. После оптимизации вновь вернулся в родное депо, где проработал инженером по качеству, технологом, дежурным по депо, машинистом. В 2020 году председатель профсоюзного комитета ТЧЭ-14 Дмитрий Смирнов перед уходом на заслуженный отдых посоветовал Ерлану выдвинуть свою кандидатуру и тем самым его подменить. Коллектив депо дружно проголосовал за молодого активиста, и с марта 2020 года он начал свою трудовую деятельность в профсоюзном комитете. Все это время совмещал основную работу с молодежной политикой. На протяжении четырех лет он являлся региональным представителем совета по делам молодежи, председателем молодежного актива профсоюзного движения и всегда находился в центре всех событий, связанных с молодыми активистами.

В 2017 году Ерлан Муканов посетил международные конференции, проходившие в Кокшетау, представляя профсоюзную молодежь железнодорожников Казахстана. Буквально через год его пригласили в Москву на обучение в школу молодых профсоюзных лидеров со всего СНГ.

Ерлан также являлся организатором женского форума по профсоюзной гендерной политике в Актау, обучался в школе ведущих в Астане у приезжих специалистов из Москвы.

На сегодняшний день наставником Ерлана является председатель первичной профсоюзной организации Карагандинского отделения ГП Галы Ермекебаев. Не так давно Ерлан получил медаль к 30-летию профсоюза. Для него это большая честь. Сейчас у него есть стимул двигаться вперед. Благодаря молодому председателю профкома на предприятии проводятся и благотворительные акции. К примеру, сотрудники посетили водителя, который когда-то трудился в депо. В связи с болезнью ему ампутировали ногу, долгое время он пребывал в стрессовом состоянии и был буквально оторван от всего мира. К тому же в подъезде отсутствовал пандус, да и инвалидная коляска находилась в плачевном состоянии. Немного думая, работники депо приобрели ему новую коляску и построили пандус. Теперь у бывшего сотрудника есть возможность не замыкаться в четырех стенах и чаще бывать на улице.

Все свое свободное время Ерлан проводит в спортзале, посещает плавательный бассейн, играет в бильярд, к тому же оттачивает ораторское мастерство.

Самое дорогое, что есть у Ерлана Муканова, это его семья – жена Сая и дочка Томирис. Ерлан мечтает, что дочь пойдет по его стопам и будет трудиться в железнодорожной сфере.

Светлана МОГАЙ,
Караганда
Фото автора

АГЕНТ САПИНА



Қатаң тәртіпке бағынған теміржол саласында еселі еңбек етіп жүрген нәзік жан иелері баршылық. Жұмагүл Сапина – солардың бірі. Қандыағаш станциясында жүктерді іздестіру, коммерциялық актілерді тіркеу бөлімінің іздеу агенті болып еңбек ететін тәжірибелі теміржолшының жанама аты – «Агент Сапина».

Кейіпкеріміздің бұл мамандықты игергеніне 30 жылға жуықтаған. Жұмыс өте жауапты. Тосыннан болатын қауіптің алдын алу, қадағалаудан бөлек, ұрлық, құжат жоғалу, тағы басқа заңсыздықтармен күресу оңай емес. Жүк вагондарына қатысты түрлі қауіпті жағдайлар, заңсыздық, бөтеннің мүлкін иемдену секілді келеңсіздіктер тіркелсе, агент Сапинаның тәулік бойы тынымсыз жұмыс істеуіне тура келеді.

«Таңғы сағат 6-да жұмыста боламын. Бізде мереке, демалыс күні деген болмайды, келеңсіз оқиға тіркелсе, кез-келген сәтте жұмыста болуға тиісің. Күндіз-түні тоқтаусыз қозғалыс жүріп жатқан сала болғандықтан жұмысымыз да үзіліссіз», – дейді Жұмагүл Сапина.

Мектеп бітіріп, жаңа өмірге қадам басқан жас қыз еңбек жолын қатардағы қарапайым жұмысшы болып осы Қандыағаш станциясында бастаған екен. Бір жылдан соң арнайы жолдамамен жоғары оқу орнына түсіп, дипломмен қайта оралған. 1984 жылдан бастап нағыз теміржолшы ретінде қалыптаса бастайды. Алдымен құжат жеткізуші, техникалық кеңсе операторы болды. 1992 жылы станциядағы жүктерді тіркеу, іздестіру бөліміне ауысады. Бүгінде осы Қандыағаш станциясының жүктерді іздестіру, коммерциялық актілерді тіркеу бөлімінің іздеу агенті.

Кейіпкеріміз теміржолшылар әулетінде тәрбие алған. Атақты династиялардың бірі Жұбаншевтар әулеті 2017 жылы ел бойынша мерейлі отбасы байқауында бас жүлдені жеңіп



алған. Отбасында тәрбиеленген жеті бала да теміржол саласында еңбек етеді.

«Теміржол саласы қиын әрі жауапты. Күніге мыңдаған тонна жүк, жүздеген жолаушы тасымалын жүзеге асырып жатқан алып сала бейне бір конвейер секілді. Онымен бірге қозғалысып, түсіп қалу – апат деген сөз. Сондықтан қателесуге қақымыз жоқ», – дейді агент Сапина.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Қандыағаш
Суретті түсірген автор

БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР...

Мына суреттегі қария – 91 жастағы Өмірқұл Романқұлов. Арыс қаласында тұратын байырғы теміржолшы. Ал оның алдында отырған – Арыс қаласының әкімі Гүлжан Құрманбекова. Жұырда Халықаралық қарттар күніне орай қарияны құттықтап шаңырағына арнайы бас сұққан әкім үлкен кісінің батасын алды.



қалдырмай, елеп-ескергендеріне рахмет. 41 жыл теміржолшы болып, ұл-қыз өсіріп, немере, шөбере сүйіп отырмыз. Сендерге де біздің жасымызды берсін, тоқсанға келіңдер, қане, жай алақаныңды...», – деп ақсақал әкімге батасын берді.

Өмірқұл ақсақалдың қызы Гүлмираның айтуынша, атамыз 1952 жылы Арыс вагон пайдалану депосына жұмысқа қабылданып, 1993 жылы сол мекемеден зейнеткерлікке шыққан. Өмірлік серігі Зейне анамыз екеуі 6 ұл, 2 қыз өсіріпті. Бүгінде сол алты ұлдың бесеуі – әке жолын қуған теміржолшы. Ұлдың үлкені Дәуітбек әкесін өкшелеп, зейнетке шығып үлгерген. Ал Бақытбек, Сейілбек, Құрманбек, Сапарбек және Оразбек теміржолда тер төгуде.

Өсіп-өнген әулеттің қазығы Өмірқұл қария 60-тан астам немере-шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатқан жайы бар. Өзі арқалап өсірген немерелердің орны бөлек, ал кейінгі шөбере, тіпті шөпшек дегендердің есім-сойын да біле бермейді екен. Мұны естіп жабыла күліп алдық. Ақиқатында, оның өзі бір бақыт сияқты...
Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Арыс қаласы
Суретті түсірген автор

Мәдениет үйінде өткен мерекелік шараға қатыса алмаған қарттарды арнайы құттықтауды жөн көрген қала әкімі сый-сияпатымен арнайы барып, қариямен әңгіме-дүкен құрды. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Қарағым, кімнің қызысын?», – деп сұрады бұл күнде көзі шала көріп, құлағы да сыр бере бастаған тоқсан жастағы қария.

«Мамыттың қызымын ғой, ата. Арыстың әкімімін. Сізді мерекемен құттықтап арнайы келдім», – деді әкім ханым ақсақалдың иығына шапан жауып жатып.

«Е, шырағым, ғұмырлы бол, бәрекеңді, әкенді білем, өзіміздің ауылдың қызы екенсің ғой. Қартайғанда кімге керекпіз деп қамығамыз біз, ұмыт

В ДЕНЬ МУДРОСТИ

В Екибастузском совете ветеранов прошло торжественное мероприятие ко Дню пожилого человека. Профсоюзный комитет Екибастузской дистанции пути организовал вкусное чаепитие для ветеранов железнодорожного транспорта.



Каждый год профсоюз поздравляет своих бывших коллег с Днем мудрости, не оставляя никого без внимания. В этот раз ветераны железнодорожники снова собрались за вкусным

дастарханом. Кроме поздравлений их ждали заслуженные награды. Одиннадцать ветеранов железнодорожного транспорта получили благодарственные письма от имени председателя

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ҚАЛАЛЫҚ МАРАФОНҒА ҚАТЫСТЫ



Атырау теміржолшылары спорттың қай түрінен болса да белсенді. Жұырда қала күніне орай өткен «Марафон Атырау-2022» жарысына, әрине, өңірдегі теміржолшылар да бір кісідей қатысты.

Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп, мыңға жуық адам қатысқан марафоншылардың қатарында Атырау вагон депосының операторы Г.Толыбаева, Атырау жүк тасымалы бөлімшесі экономика бөлімінің инженері Е.Максимов, Атырау локомотив пайдалану депосының машинист көмекшісі Р.Қайырлыев, Доссор станциясының бастығы Қ.Бекпенбетов, Мақат станциясының пойыз құрастырушысы Н.Сапаров, Мақат локомотив депосының машинисі Е.Жұпаров, Құлсары

байланыс дистанциясының электромеханигі Н.Жүмекенов, тағы басқалар болды. Солардың ішінде Гауһар Толыбаева жұырда елордада өткен теміржолшылар арасындағы марафоннан жүдделі оралғанын жазғанбыз. Бұл жолы да марафоншы-теміржолшылар сапқа тұрып, 5, 10, 21 және 42 шақырымдық жарыстарда алдыңғы лектен көрінді. Жалпы, жұмысы қиын, жауапкершілігі жоғары темір жол саласында спортқа деген қызығушылық ертеден қалыптасып, талай



чемпиондар теміржолшылар арасынан шыққанын ешкім жоққа шығара алмайды. Атыраулықтар жеңісі – оның айқын дәлелі.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Қарақошова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.